

**Ақжұм негізгі орта білім беретін мектебінде 2024-2025 оқу жылына арналған «БІРТҰТАС ТӘРБИЕ»  
бағдарламасын жүзеге асыру бағытындағы жұмыс жоспары**

**ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНА АРНАЛҒАН ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖОСПАРЫ**

\* Ұсынылған жоспарды білім беру ұйымның ерекшеліктеріне, білім алушылардың қажеттіліктеріне орай толықтыра алады.

\*\* Ұсынылған жоспарға сәйкес сынып сағаттарының, мектепшілік шаралардың мазмұны, өткізу түрі, орны, әдіс-тәсілдері ұйым ерекшеліктеріне, білім алушылардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарына сәйкес білім беру ұйымдары дербес таңдай алады.

\*\*\* Білім беру ұйымының типін және ерекшелігін ескере отырып, сынып сағаттарын сабақ кестесіне қою және оны жүйелі өткізу ұсынылады.

\*\*\*\* Апта сайынғы әр сынып сағатының соңында немесе басында **10 минут қауіпсіздік сабақтарына** арналады.

† - Білім беру ұйымының іс-шаралар жоспарына міндетті түрде қосылуы қажет.

№	Іс шаралар атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімдері
<b>Күнделікті атқарылатын іс-шаралар</b>				
1	<p>-«<i>Ұлттық ойын – Ұлт қазынасы</i>»: үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.;</p> <p>-«<i>Өнегелі 15 минут</i>» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі;</p> <p>-«<i>Үнемді тұтыну</i>» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу;</p> <p>-«<i>Күй күмбірi</i>» – қоныраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау;</p> <p>-«<i>Оқуға құштар мектеп</i>» жобасы аясында мектептерде үзіліс кездерінде «5 минут кітап оқу» (10 минуттық оқу, 20 минуттық оқу) акцияларын ұйымдастыру (ҚР Оқу-ағарту министрлігінің</p>	Үзіліс кезінде	Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, аға тәлімгер, мектеп психологтары, әлеуметтік педагог т.б.	Күнделікті жылы бойы